



Облыс әкімінің жұмыс сапары

Қытаймен ынтымақтастық: артықшылықтары мен перспективалары



Өткен аптаның басында Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков бастаған делегация Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып, екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды келіссөздер жүргізді. Делегация құрамында қаламыздың әкімі Айқын Елеусізов те болды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Барыс-келіс барда алыс-беріс болатыны заңдылық. Бұл жолғы барыс аясында екі өңір арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, және мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға қатысты бірнеше маңызды келісімдер жасалды. Ал бұл келісімдер өңірдің дамуына қандай ба-сымдықтар береді? Қытаймен ынтымақта-

стықтың Ұлытау облысына әкелетін пайдасы қандай? Осыны өзімізше пайымдап көрген едік.

Инвестициялар мен жаңа жұмыс орындары

Қытайдың экономикалық ықпалы әлемдік деңгейде мойындалған және оның халықаралық инвестициялық әлеуеті де өте жоғары. Шэньси провинциясы мен Ұлы-

тау облысы арасындағы инвестициялық ынтымақтастықтың дамуымен өңірде жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, өнеркәсіптің өркендеуіне және инфрақұрылымның жақсаруына ықпал ететін көптеген жобалар жүзеге асырылмақ. Қытайдың ірі мемлекеттік компанияларының өкілдерімен жүргізілген кездесулер, сонымен қатар, бірлескен жобаларды іске асыру мен инвестициялық салада үлкен мүмкіндіктер ашады.

Қытайдың тәжірибесі мен заманауи технологияларын өңірге енгізу жергілікті өндірісті жаңғыртуға, сапаны арттыруға және жаңа жоғары технологиялық өнімдер шығаруға мүмкіндік береді.

→ 3-бет.

Құрметті мемлекеттік қызмет көрсету саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызмет көрсету – халық пен билік арасындағы сенімді байланысты нығайтатын аса маңызды сала. Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен кәсібиліктеріңіз азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Әрбір өтінішке мұқият қарап, сапалы қызмет көрсету арқылы сіздер халықтың мемлекетке деген сенімін арттырып келесіздер. Бұл – үлкен абырой мен зор жауапкершілік.

Осы орайда, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға аمانдық, еңбектеріңізге табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Ізгі тілекпен,

Айқын ЕЛЕУСИЗОВ,

Қаражал қаласының әкімі.

Зәмзағұл ОСПАНОВА,

қалалық мәслихат төрағасы.

Уважаемые работники сферы оказания государственных услуг!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником!

Сфера государственных услуг — это важнейшее направление, укрепляющее доверительную связь между населением и властью.

Ваш ежедневный труд, ответственность и профессионализм направлены на повышение благосостояния граждан, обеспечение их прав и законных интересов.

Внимательно рассматривая каждое обращение и предоставляя качественные услуги, вы повышаете доверие населения к государству. Это — большая честь и высокая ответственность.

В этой связи желаем всем вам крепкого здоровья, благополучия вашим семьям, успехов в труде и новых достижений! Пусть ваш труд на благо страны будет плодотворным!

С наилучшими пожеланиями,

Айқын ЕЛЕУСИЗОВ,

аким города Каражал.

Зәмзағұл ОСПАНОВА,

председатель городского

маслихата.

В очаге производства

В приоритете – человеческий капитал

АО «Qarmet» выплатит работникам премию по итогам 2025 года в знак признания их вклада в обеспечение стабильной работы предприятия, выполнение производственных задач и реализацию программы модернизации компании. Соответствующее решение принял акционер компании.

Как сообщает пресс-служба АО «Qarmet», прошлый год для металлургической отрасли характеризовался сохраняющейся волатильностью и нестабильной ценовой конъюнктурой на мировом рынке стали. В этих непростых условиях компания последовательно реализовывала комплекс мер по повышению операционной эффективности, снижению издержек и улучшению производственных процессов.

- Несмотря на внешние неблагоприятные вызовы, АО «Qarmet» обеспечило выполнение ключевых производственных ориентиров, продолжило реализацию инвестиционных проектов и укрепило устойчивость операционной деятельности, - информирует пресс-служба.

Отмечается, что при этом неизменным приоритетом компании является безопасность труда работников. На предприятии последовательно реализуются мероприятия по усилению промышленной безопасности, развитию культуры производства и повыше-



нию стандартов охраны труда.

Председатель правления Qarmet Вадим Басин подчеркнул, что 2025 год стал этапом закрепления позитивной динамики и повышения устойчивости компании:

- Мы продолжаем работать в условиях непростой рыночной среды, при этом последовательно повышаем эффективность, оптимизируем издержки и реализуем программу модернизации. Принятое решение акционера о выплате премии — это признание вклада всего коллектива в достигнутые результаты.

Решение о премировании отражает стра-

тегический подход компании к поддержанию социальной стабильности, повышению вовлеченности персонала и укреплению корпоративной культуры.

- АО «Qarmet» продолжит системную работу по повышению эффективности бизнеса, реализации инвестиционной программы и развитию человеческого капитала, обеспечивая баланс между производственными задачами, социальной ответственностью и устойчивым развитием компании, - сообщили в пресс-службе.

соб. инф.

Құрметті геология саласының мамандары мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Геологтар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Геология саласы – ел экономикасының дамуына серпін беретін маңызды бағыттардың бірі. Сіздердің табанды еңбектеріңіз, терең білімдеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз табиғи байлықтарды зерттеп, тиімді игеруге жол ашады. Бұл – өңіріміздің өркендеуіне, халықтың әл-ауқатының артуына зор үлес қосатын маңызды қызмет.

Күрделі әрі жауапты мамандықты абыроймен атқарып жүрген сіздерге алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болып, жаңа табыстар мен жетістіктерге жетелей берсін!

Сіздерге мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке, қызметтеріңізге толағай табыс тілейміз!

Құрметпен,

Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,

Қаражал қаласының әкімі.

Зәмзагүл ОСПАНОВА,

қалалық мәслихат

төрағасы.

Уважаемые специалисты и ветераны геологической отрасли!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником — Днем геолога!

Геологическая отрасль является одним из важнейших направлений, способствующих развитию экономики страны. Ваш упорный труд, глубокие знания и высокая ответственность открывают путь к изучению и эффективному освоению природных богатств. Особую благодарность выражаем ветеранам отрасли, чей жизненный опыт, преданность профессии и вклад в становление геологической науки и практики стали прочным фундаментом для сегодняшних достижений. Благодаря вашему труду регион процветает, а благосостояние населения растет.

Выражаем искреннюю признательность всем, кто посвятил жизнь этой сложной и ответственной профессии. Пусть ваш труд всегда будет плодотворным, а новые поколения геологов продолжают ваше дело с гордостью и ответственностью.

Желаем вам крепкого здоровья, счастья и благополучия вашим семьям, а также больших успехов и удовлетворения от работы!

С уважением,

Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,
аким города Каражал.

Замзагүл ОСПАНОВА,
председатель городского

маслихата.

Қоғам

Жезқазған қаласында «АМАНАТ» партиясы Ұлытау облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Ұлытау өңіріндегі мүшелерін марапаттау рәсімі өтті. Шара Конституцияны түсіндіру және оған қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету бағытында атқарылған кең көлемді жұмыстың қорытындысын айқындады.

Салтанатты жиында партия филиалының төрағасы Бауыржан Шыңғысов коалиция құрамындағы ұйымдар мен белсенді азаматтардың қоғамдық диалогты дамытуға, тұрғындарға реформаның мәнін түсіндіруге қосқан үлесін атап өтті. Оның айтуынша, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімді жүргізілуі аймақтағы азаматтық белсенділікті арттырып, жаңа Конституцияның мазмұнын жұртшылыққа кеңінен жеткізуге мүмкіндік берген.

Іс-шара барысында бірқатар азаматтар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен және «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың Алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапаттар – елдің тұрақты дамуы жолындағы еңбекті, қоғамдағы береке-бірлікті нығайтуға қосқан үлесті мойындаудың белгісі ретінде табысталды.

Марапатталғандар қатарында түрлі қоғамдық ұйымдар мен салалық құрылымдардың өкілдері ғана емес, ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері, жастар белсенділері және аймақтық бастамаларға үлес қосқан азаматтар да бар. Олардың референдумға дайындық пен өткізу кезеңіндегі жауапты қызметі, тұрғындармен жұмыс жүргізудегі белсенділігі ерекше аталып өтті.

Бұл жиында Қаражал-Жәйрем өңірінің де бірқатар белсенді азаматтары, нақтырақ айтсақ, Қара-

Коалиция мүшелері марапатталды



жал қалалық «АМАНАТ» партиясы филиалының атқарушы хатшысы Гүлмира Исина, Қаражал қалалық мәслихатының төрағасы Зәмзагүл Оспанова, Ұлытау облыстық мәслихат депутаты Артем Ким, Қаражал қалалық мәслихат депутаты Айгүл Мауленина марапат төрінен көрінді.

Олар өңірде жүргізілген түсіндіру жұмыстарына, халықпен тікелей байланыс орнатуға және референдум күні барлық рәсімдердің талапқа сай өтуіне жауапкершілікпен атсалысқан. Салтанатты рәсімге қатысқан қонақтар Қаражал-Жәйрем өкілдерінің белсенділігі мен қоғамдық бастамаларға деген жоғары жауапкершілігін атап өтті.

Жиын соңында марапат иелері көрсетілген құрметтің алдағы уақытта да қоғам игілігіне қызмет етуге жігер беретінін жеткізді. Марапаттау рәсімі Ұлытау өңіріндегі

азаматтық ұстанымы берік белсенділердің еңбегін бағалаумен қатар, қоғамдық бірлік пен ортақ мақсатқа бағытталған іс-қимылдың маңызын айқындай түсті.

Осыған дейін Ұлытау облысы жастарының арасында Конституцияның маңызын түсіндіру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және қоғамдық өмірдегі белсенділігін күшейту мақсатында болған «Жаңа Конституция – жастардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің негізі» атты форумда Қаражал қалалық мәслихат депутаттары Марлан Шамбулов, Жалғасқан Құрмансейітов, Данияр Жақсыбеков, Арынғазы Төкібаев және Қаражал-Жәйрем өңірінің бірқатар мекемелеріндегі белсенді жастар да Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталған болатын.

Гауһар НАУРЫЗБАЕВА.

Тазалыққа бағытталған маңызды бастама

Қаражал қаласының әкімдігінде қалалық мекеме басшыларының қатысуымен маңызды штаб отырысы өтті. Жиынның негізгі тақырыбы – еліміз бойынша кеңінен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы болды. Аталған бастама қоршаған ортаны қорғау, елді мекендердің тазалығын сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Штаб отырысына қала әкімінің орынбасары Аманқазы Науқенов төрағалық етіп, күн тәртібіндегі мәселенің маңыздылығына ерекше тоқталды. Ол өз сөзінде «Таза Қазақстан» акциясы тек сенбіліктермен шектелмей, тұрақты түрде жүргізілуі тиіс жүйелі жұмыс екенін атап өтті. Қала тазалығы – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, барлық мекемелер мен әрбір тұрғынның ортақ міндеті екені айтылды.

Жиын барысында қала аумағындағы санитарлық жағдай, абаттандыру жұмыстары, көшелер мен қоғамдық орындардың тазалығы кеңінен талқыланды. Сонымен



қатар, мекеме басшыларына өздеріне қарасты аумақтарды тұрақты түрде тазалап, көгалдандыру және көркейту жұмыстарын күшейту тапсырылды. Әсіресе, бей-берекет қоқыс орындарын жою, аулалар мен

саябақтарды ретке келтіру, тұрғындарды экологиялық акцияларға тарту мәселелері көтерілді.

Аманқазы Науқенов барлық мекемелерді «Таза Қазақстан» акциясына біркi-

дей жұмылып, белсенді қатысуға шақырды. Оның айтуынша, бұл бастама – тек тазалық сақтау емес, сонымен қатар, қоғамда жауапкершілік пен тәртіп мәдениетін қалыптастырудың тиімді жолы. Әрбір ұжым өзінен бастап, үлгі көрсеткен жағдайда ғана қалада оң өзгерістерге қол жеткізуге болады.

Штаб отырысының қорытындысы бойынша нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалуын бақылау күшейтілетіні айтылды. Алдағы уақытта қала көлемінде ауқымды сенбіліктер, экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың белсенділігі арттырылады деп жоспарланды.

«Таза Қазақстан» акциясы – еліміздің көркеюіне, табиғаттың сақталуына бағытталған маңызды бастама. Қаражал қаласының тұрғындары мен мекемелері бұл игі іске біркiсiдей атсалысып, туған жердің тазалығы мен көркіне үлес қосады деген сенім мол.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Президент Жолдауы – өркендеу өрісі

Цифрлық технологиялар арқылы жас ұрпақты даярлау: Келешек мектептері мен AI бағдарламалары

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауы – елдің білім беру жүйесіне тиіс серпін берген стратегиялық құжат. Бұл Жолдауда жас ұрпақты жаңа заман талаптарына сай даярлау, әсіресе, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен енгізу мәселесі ерекше назарға алынды.



тивті құралдар оқу сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Президент Жолдауында цифрлық сауаттылықты арттыру – ұлттық қауіпсіздік пен экономикалық дамудың негізгі факторларының бірі екені атап өтілді. Осыған байланысты мектептерде бағдарламалау, робототехника, деректерді талдау сияқты пәндерді ерте жастан оқыту маңызды. Бұл бағытта

елімізде бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді, алайда, оларды кеңейту – уақыт талабы. Сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесі де өзекті. Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану үшін педагогтар жаңа дағдыларды меңгеруі тиіс. Бұл – тек техникалық білім ғана емес, сонымен қатар, оқыту әдістемесін жаңарту деген сөз. Мұғалім – өзгерістің негізгі қозғаушы күші.

Жасанды интеллект тек білім беру саласында ғана емес, жалпы қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылуда. Сондықтан, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға AI-дың мүмкіндіктері мен қауіптері туралы дұрыс түсінік беру маңызды. Бұл олардың саналы әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Осыған орай, қала мектептерінде де жүйелі жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде жақында өткен информатика және математика пәндерінің айлығы – соның айқын дәлелі. Айлық барысында оқушылардың білімін тереңдету, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және цифрлық сауаттылықтарын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, математика пәні бойынша «Логикалық есептер әлемі», «Зияткерлік сайыс», «Жас математик» атты байқаулар өткізілді. Бұл шаралар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Ал информатика пәні аясында «Бағдарламалау негіздері», «Робототехника әлемі», «IT-болашақ» тақырыптарында ашық сабақтар мен шебер-

лік сағаттары ұйымдастырылды. Оқушылар заманауи технологиялармен жұмыс істеп, алғашқы бағдарламаларын құрып, түрлі цифрлық жобаларды қорғады. «Цифрлық күн» аясында оқушылар жасанды интеллект элементтерін қолдана отырып, шағын жобалар дайындады. Сонымен қатар, «Математикалық марафон» өткізіліп, оқушылар арасында жылдамдық пен дәлдікке негізделген есептер шешу сайысы өтті. Бұл шара оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттырды. Мектеп мұғалімдері де белсенділік танытып, өзара тәжірибе алмасты. Ашық сабақтар көрсетіліп, цифрлық платформаларды тиімді пайдалану жолдары талқыланды. Әсіресе, онлайн тестілеу, интерактивті тапсырмалар және білімді бағалаудың жаңа әдістері кеңінен қолданылды.

Президент Жолдауында айтылғандай, цифрлық сауаттылық пен жасанды интеллектті меңгеру – болашақтың кілті. Осы бағытта қала мектептерінде атқарылып жатқан жұмыстар – соның нақты көрінісі. Қорытындылай келе, Президент Жолдауы – Қазақстанның болашақ дамуының айқын бағытын көрсететін маңызды құжат. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті білім беру жүйесіне тиімді енгізу – бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырудың басты шарты. Жас ұрпаққа сапалы білім беру арқылы біз елдің тұрақты дамуына берік негіз қалаймыз.

Жұмакүл АХМЕТОВА,
№ 1 Тірек мектебінің директоры.

Қытаймен ынтымақтастық: артықшылықтары мен перспективалары

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Сиань қаласындағы BYD компаниясының электромобильдер мен аккумуляторлар өндірісіндегі тәжірибесі өңірде жаңартылатын энергия көздерін дамыту, экологиялық таза көліктерді шығаруға мүмкіндік береді.

Ұлытау облысы үшін Қытаймен ынтымақтастықтың бір үлкен артықшылығы – шетелдік инвесторлар мен кәсіпкерлерді тарту. Бұл аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттырып, оны халықаралық деңгейде танымал етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта өңірде бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылуда, олардың қатарында тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және металлургиялық өнеркәсіп салалары бар. Қытаймен ынтымақтастық осы салаларға қосымша қаржы ағынын тартуға ықпал етеді.

Өнеркәсіптің дамуы мен технологиялық инновациялар

Ұлытау облысы үшін Қытаймен ынтымақтастықтың екінші үлкен пайдасы – жаңа өндірістік технологиялар мен инновациялар енгізу. Қытайдың өнеркәсіптік дамуы және оның жоғары технологияларды енгізудегі тәжірибесі өңірдегі өнеркәсіп саласының қарқынды дамуына мүмкіндік береді.

Әсіресе металлургия, машина жасау және энергия өндірісі салаларында жаңартылатын энергия көздері, электромобильдер мен аккумуляторларды өндіру сияқты жобалар жүзеге асырылса, бұл аймақтың экономикалық әлеуетін едәуір арттырады.

Қытайдың жоғары технологиялық компанияларымен тығыз ынтымақтастық нәтижесінде Ұлытау облысында заманауи өндіріс орындары ашылып, еңбек өнімділігін арттыруға болады. Мысалы, металлургиялық шлактарды қайта өңдеу бойынша қытайлық компаниялармен бірлескен жобалар метал-

лургия өнеркәсібінің экологиялық тиімділігін арттырып, өндіріс қалдықтарын тиімді өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қоршаған ортаны қорғау мен қалдықтарды азайтуда маңызды қадам болар еді.

Инфрақұрылымның дамуы және логистика

Қытайдың халықаралық сауда және логистика саласындағы жетістіктері Ұлытау облысы үшін үлкен мүмкіндік болып табылады. Шэньси провинциясындағы құрғақ порт пен логистикалық хабтың жұмысы жоғары деңгейде дамыған және бұл тәжірибені Ұлытау облысында да жүзеге асыруға болады. Құрғақ порт инфрақұрылымын дамыту халықаралық сауда айналымын арттыруға, тауарлардың тасымалын тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

Қытаймен ынтымақтастық нәтижесінде Ұлытау облысы өңірлік логистикалық хаб ретінде қалыптасып, халықаралық сауда көлемін арттыруға, еліміздің транзиттік әлеуетін толық пайдалану мүмкіндігін ашады. Бұл аймақты Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда жолдарының маңызды түйініне айналдыра алады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің өркендеуі

Қытайдың ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенінің тәжірибесін Ұлытау облысына енгізу, өңірдің аграрлық секторын дамытып, оны әлемдік нарыққа шығару мүмкіндіктерін арттырады. Қытайдың сүт-тауар фермаларын дамытудағы жетістіктері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудегі озық технологиялар Ұлытау облысында жаңа фермерлік шаруашылықтар мен өндірістік кешендер құруға мүмкіндік береді.

Ұлытау облысындағы агроөнеркәсіптік

кешенді дамыту Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Қытайдың алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы технологияларын енгізу, жергілікті фермерлерге жаңа дақылдар мен өнімдер өндіруде көмек көрсету, сондай-ақ, қайта өңдеу саласында жаңа кәсіпорындар ашу аграрлық секторды жаңғыртуға септігін тигізеді.

Мәдени-гуманитарлық байланыстар

Қытаймен экономикалық және саяси ынтымақтастықтан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланыстар да маңызды рөл атқарады. Ұлытау облысы мен Шэньси провинциясы арасындағы мәдени алмасулар мен білім беру бағдарламалары екі халық арасындағы түсіністік пен достықты нығайтуға ықпал етеді. Қытайдағы жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламалары, мәдени іс-шаралар мен көрмелер арқылы Ұлытау облысының мәдениеті мен тарихы халықаралық деңгейде танытылады.

Ынтымақтастықтың болашағы

Ұлытау облысының Қытаймен жүргізілген форум аясындағы ынтымақтастығы өңірдің экономикалық дамуында маңызды кезең болып табылады. Осы форум барысында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің негізгі бағыттары мен перспективалы жобалары айқындалды, олардың арасында өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым және агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы ерекше назарға алынды. Құны 12,5 миллиард теңгені құрайтын 6 меморандумға қол қою, бұл бағыттардағы жобаларды іске асыруға дайындықтың бар екенін көрсетеді.

Ұлытау облысының инвестициялық әлеуеті жоғары екенін атап өткен облыс әкімі, өңірдің халықаралық ынтымақтастыққа ашықтығын және инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға дайын екенін білдірді. Бұл келешекте жаңа жұмыс орындары мен өндірістік куаттарды арттыру, инновациялық жобалар мен технологияларды енгізу сияқты маңызды артықшылықтарды ашады.

Қытаймен жасалған бұл ынтымақтастықтың нәтижесі өңірдің экономикалық өсімін қамтамасыз етіп, Ұлытау облысын Орталық Азиядағы ірі логистикалық, өндірістік және агроөнеркәсіптік хабқа айналдыру мүмкіндігін арттырады. Алдағы уақытта осы бағыттағы жобалар мен келісімдер өңірдің тұрақты дамуы мен халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай күшейтеді.

Қаражал қаласының болашағы

Ұлытау облысының Қытаймен жүргізілген ынтымақтастығы, әсіресе Қаражал қаласы үшін үлкен маңызға ие. Қаражал қаласындағы тұрғын үйлерді қайта жаңғырту жөніндегі бірлескен жобалар өңірдің инфрақұрылымын жаңартуға, өмір сүру сапасын арттыруға және жергілікті тұрғындардың жағдайын жақсартуға бағытталған. Бұл жобалар қала экономикасын жаңдандырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, құрылыс және қызмет көрсету саласында кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қаражалдың өнеркәсіптік әлеуетін арттыру, металлургиялық және агроөнеркәсіптік жобаларды іске асыру арқылы қалаға қосымша инвестициялар тартылмақ. Қытайдың ірі компанияларымен ынтымақтастық осы аймақтың өндірістік қуатын күшейтіп, инновациялық технологиялар мен тиімді басқару тәсілдерін енгізу үшін қолайлы жағдайлар туғызады.

Қаражал қаласына осындай инвестициялық және инфрақұрылымдық өзгерістердің әкелуі қаланың аймақтық және халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді. Ұлытау облысы мен Қытай арасындағы осы ынтымақтастықтың нәтижесі Қаражалдың дамуында жаңа кезеңді ашып, оны экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тұрақты әрі өркендеген қалаға айналдыра алады.

Өндіріс ошағында

Жәйрем комбинатына – 50 жыл

Бірінші сәуірде Ұлытау облысындағы Жәйрем кен байыту комбинаты өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтуде. Жарты ғасырлық тарихы бар кәсіпорын бүгінгі таңда «Казцинк» компаниясының металлургия заводтарын қажетті шикізатпен қамтамасыз етіп отыр. ЖКБК компания құрамына 2014 жылы енген.

Бүгінде комбинатта тәулігіне 10–15 мың тонна полиметалл кені өндіріледі. Ал кәсіпорынның жылдық жобалық қуаты 5 миллион тоннаға дейін жетеді.

2021 жылы мұнда жаңа полиметалл байыту фабрикасы іске қосылды. Оның жұмысын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзі бастап берді. Полиметалл байыту фабрикасы заманауи жабдықтармен жарақтандырылған: 183 флотациялық машина ықшам өлшемдері мен механикалық араластырғышсыз-ақ жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді, ал 42 таспалы конвейер фабрика ішіндегі кен өнімін тасымалдауға арналған.

Өндіріс үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады: кен үш сатыда ұсақталып, бес кезең бойынша жуылып, байытудың үш әдісінен өтеді. Одан кейін араластырылып, кептіруге жіберіледі.

Мұнда ТМД аумағындағы ұзындығы екі шақырымнан асатын бірегей магистральдық конвейер орнатылған. Ол ірі ұсақтау корпусын конвейерлік қайта тиеу ғимаратымен байланыстырады. Орташа ұсақтау корпусының биіктігі 47,2 метрді құрайды, бұл Париждегі Триумф аркасының биіктігімен шамалас.

Карьерде Қазақстандағы ең заманауи әрі қуатты өздігінен жүретін техникалар пайдаланылады. Атап айтқанда, шөмішінің сыйымдылығы 15–17 м3 болатын гидравликалық экскаваторлар мен жүккөтерімділігі 140 тоннаға жететін алып өзіндік жүргізушілер жұмыс істейді.

ЖКБК-да 2 мыңнан астам адам еңбек етеді. Кенттегі әрбір үшінші тұрғын осы жерде жұмыс істейді. Комбинат медицина, спорт, мәдениет және әлеуметтік саланы қолдау арқылы елді мекеннің өміріне белсене қатысып келеді.

Өз тілшімізден.



7 сәуір – Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жұмыскерлер күні

Бүгінгі таңда мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігі — ел дамуының басты көрсеткіші. Осы орайда, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының атқаратын рөлі зор. Қызмет көрсету саласын цифрландыру және сервистік модельді қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы толығырақ білу мақсатында біз «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Ұлытау облысы бойынша Қаражал қаласының бөлім басшысы Дәурен Оразбековпен арнайы сұхбаттасқан едік.

– Бүгінде ХҚКО жұмысы айтарлықтай жаңарды. Дегенмен, халық арасында «анықтама алу – бітпейтін шаруа» деген түсінік әлі де кездеседі. Осы бағыттағы жұмыстар қалай жүріп жатыр?

– Иә, біз ол стереотиптің бар екенін білеміз және онымен белсенді күресіп жатырмыз. Шыны керек, қазіргі «Азаматтарға арналған үкімет» – бұл бұрынғыдай «қағаз-бастылықтың орталығы» емес. Біздің басты міндетіміз – азамат-

Халыққа сапалы қызмет көрсету – басты міндетіміз



тардың алтын уақытын үнемдеу. Қазір қызметтердің көбін телефонмен-ақ бітіруге болады, сондықтан, біз «кезек күту мәдениетінен – жедел қызмет алу мәдениетіне» көшіп жатырмыз деп айта аламын.

– **Цифрландыру жақсы, бірақ, орталыққа келетін адамдардың ағыны әлі де толатамай тұр. Мұның себебі неде?**

– Мұның екі себебі бар. Біріншіден, кейбір күрделі құжаттар (мысалы, жылжымайтын мүлік немесе жер мәселелері) әлі де маманның қатысуын талап етеді. Екіншіден, халыққа үйреншікті «тірі» қарым-қатынас керек.

Бірақ, біз процесс барынша жеңіл болсын деп жатырмыз: жасы

келген кісілерге құжатты үйлеріне жеткізіп беру қызметі. Бейне-кеңес: үйде отырып-ақ оператормен бейнебайланыс арқылы сөйлесуге болады. Бұл – біздің «виртуалды тереземіз».

– **Жұмыс барысында «адам фактор» мәселесін қалай реттейсіздер?**

– Біз өз қызметкерлерімізге тек заңды білуді емес, сервистік этиканы қатаң талап етеміз. Әрине, күніне жүздеген адамды қабылдау оңай емес. Сондықтан, әр маманға «Азаматтар бізге мәселесін шешу үшін келеді, сол себепті әрбір адамға жеке көмекші ретінде қараңдар» деп ескертеміз. Сапаны бақылау үшін бағалау жүйесі бар

– халықтың берген бағасы біз үшін ең басты көрсеткіш.

– **Дәурен Сәбитұлы, азаматтарға арналған үкімет корпорациясының халық өміріндегі рөлін бір сөйлеммен қалай сипаттар едіңіз?**

– Біздің жұмысымыз — адам тағдырының цифрлық шежіресі десем артық айтқандық емес. Шын мәнінде, біз азаматтармен бірге туылған сәттен бастап, өмір бойы бірге біреміз. Сәбидің алғашқы құжаты — туу туралы куәліктен бастап, балабақша кезегі, білім алу, алғашқы төлқұжат, шаңырақ көтеру, кәсіп ашу, баспаналы болу және еңбек өтіліне қарай зейнетке шығуға дейінгі барлық маңызды кезеңдер біздің қызметтер арқылы өтеді. Яғни, біз — адамның әрбір қуанышты сәті мен маңызды қадамдарын құжаттық тұрғыдан қамтамасыз ететін сенімді серіктесіміз.

– **Кәсіби мереке қарсаңында жұмысыңызға тілегіңіз?**

– Біздің жұмыс — мемлекет пен халықтың арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз ететін жауапты сала. «Азаматтарға арналған үкімет» қызметкері болу тек кәсібилікті емес, сонымен бірге, үлкен сабыр мен адамгершілікті талап етеді. Күн сайын жүздеген тағдырмен бетпе-бет келіп, әр азаматтың

мәселесін шешуге атсалысып жүрген еңбектеріңіз — құрметке лайық. Сапалы қызмет жолында атқарып жатқан әрбір істеріңіз берекелі болсын. Цифрлық технологияларды меңгеруде әрдайым алда болыңыздар. Күнделікті қарбалас жұмыста шаршамай, әрбір келушіні жылы жүзбен қарсы алуға күш-қуат тілеймін. Сіздердің күлкілеріңіз бен жылы сөздеріңіз — мекемеіміздің айнасы. Жұмыстағы жетістік отбасындағы тыныштықтан басталады. Шаңырақтарыңыздан құт-береке кетпесін, жақындарыңыз аман болсын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Біздің жетістігіміз — әрқайсыңыздың адал еңбегіңіздің жемісі. Елдің ризашылығы мен алғысына бөлене беріңіздер! Мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер! Еңбектеріңіз жансын!

– **Дәурен Сәбитұлы, жұмыстарыңызға сәттілік! «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы нағыз халыққа жақын орталыққа айнала берсін.**

– Рақмет! Біздің мақсатымыз – әрбір азаматтың бізден риза болып шығуы. Жұмысымыздың сапасы – елдің сенімінде. Сондықтан, біз әрдайым ізденіс пен даму үстіндеміз.

Сұхбаттасқан
Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ.

Еңбек адамы

Өмірі даңғазға тірліктен, даурықпа әңгімелерден ада – әділдік, сабырлық және шыншылдықпен өрілген адамдар болады. Олардың дәл осы қарапайымдылығы айналасына қадірлі ететін асыл қасиеті. Мұндай адамдарға әріптестері де, отбасы да иек артады.

«Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ «Жәйрем» кенішінің тау-кен массасын тасымалдау көлігінің жүргізушісі Аманғали Темешбаев сондай жандардың бірі. Кезінде 1994 жылы Жәйремге жұмыс бабымен көшіп келген еді. Екі жылдан соң БелАЗ жүргізушісі болып жұмысқа тұрады. Содан бері, міне, өз мамандығына адал болып, абыроймен еңбек етіп келе жатқанына 30 жылдың жүзі болды. – Ең алғашқы жұмыс күнімде аздап қобалжу болды, – деп есіне алады Аманғали Есенгелдіұлы. – Бұрын-соңды бұндай үлкен 40 тонналық БелАЗды жүргізіп көрмегенмін, кейін жұмыс барысында үйренісіп кеттік. Жұмысқа жаңадан шыққан әр адамның бойында қобалжу сезімі болады деп ойлаймын. Бүгінде адал еңбек пен маңдай тер төгілген жылдар, мындаған ауысымдар мен шақырымдар артта қалды. Осы уақыт ішінде көп нәрсе өзгерді. – Бұрын машина бұзылса өзіміз жөндейтін едік. Қазір заманауи техника, біздің міндетіміз – басқару, – деп бөлісті Аманғали Темешбаев. – Жұмыс біршама жеңілдеді. Бірақ, бұл жерде ең көрегі тәжірибе, тезімділік пен ұқыптылық сынды қасиеттер, өйткені, бір қателік қаншама шығын алып келуі мүмкін.

Өмір жолында тізгінінді нық ұста



Аманғали ағаның жұмыс күні таңғы сегізден басталады. Айтуынша, ұжымы тату, сондықтан да жұмысы үзеңгілестерімен қызықты өтеді. Дегенмен, небір кезеңдер де өтті. – 90-шы жылдары біршама қиыншылықтар болды, – деп бөлісті ол. – Айлық аз, ақша жетпеді. Ол кезде заман сондай болды ғой. Және, оның ойынша, өзінің не үшін еңбек етіп, өмір сүріп жүргенінің нақты көрсеткіші – ыстық ұясы отбасы. – Үйге келіп, немеренді көріп, бір иісеген соң бар шаршауың басылады, – дейді Аманғали Есенгелдіұлы.

Бала Аманғали үшін болашақ мамандығы күні бұрын шешіліп қойылғандай еді. Әкесі, Есенгелді Темешбаев, ауыл бөлімшесінің бригадирі болды. Ойын баласы ес кіріп, ержеткеннен әкесімен бірге техниканың қасында жүрді. – Кішкентайымыздан көріп өскен үлгі тұтар адамымыз әке ғой. Сол себепті болар,

еш ойланбастан осы мамандықты тандағаным, – деп ағынан жарылды кәсіби жүргізуші. Кейіпкеріміздің бойында даңғазалық пен даурықпалық жоқ, қарапайым оралымды ойлары көкейге қонымды: – Адамға мақтану үшін бір дәреже, атақ алу қажет деп ойламаймын. Отбасымызға адал табыспен адал нан жегізіп отырғанымыздың өзі біз үшін жетістік болар.

Атқа деген қызығушылығы бала кезден басталған еді. Ол кезде отбасыларында ат ұстауға мүмкіндік болмады. Бірақ, жылдар өте келе осы бір текті жануарға деген сезімі өшпегенін түсінді. – Баламның бойынан да атқа деген қызығушылықты байқадым, – деп жылулықпен әңгімелейді Аманғали Есенгелдіұлы. – Сол себепті де есейген соң, 18 жасына асыл тұқымды ат сыйладық. Менің де атқа деген қызығушылығым қайта оянды десем болады. Бүгінде Аманғали үшін жылқылар – әу-

естігі ғана емес, өмірінің бір бөлігі. Алғашқы сәйгүлігі – ағылшын тұқымды Бастау есімді жүйрік – өзінің мінезімен есте қалды. – Өте ерке, қағылез еді, – дейді ол. – Тұлпарымның көңіл-күйін көз-жанарынан білемін. Тілі жоқ болса да барлығын түсіндіреді.

Бәйгеге дайындық – бұл кездейсоқтық немесе сәттілік емес. Бұл – күнделікті атқарылатын еңбек. Ат баптау оңай шаруа емес, оның тамағы, дайындығы, бабы бар, жалғыз адамның қолынан келе бермейді. Қыста жылқының жілік майын толтырады. Әбден семірді-ау деген уақытта жәй жүріспен 15-20 күн мінеді. Содан әрі қарай желістен шабысқа жалғасады. Көбінесе өкпеге, төзімділікке жұмыс жасайды. Бәйгеге жақын қалғанда тері алынады. – Бір тұлпарды баптауға шамамен жүз күн уақыт кетеді. Әр тұлпар әр уақытта бапталады, – деп түсіндірді атбегі. – Жүйрік жылқының өзіне тән мінезі болады. Бәйге басталар алдында толқу болады – уайым мен үміт. Жылдап дайындалған нәтиже жарты сағатта шешілетін сәт, сондықтан, бей-жай отыру мүмкін емес. Жылқы жануары да бәйгеінің жақын қалғанын сезеді. Бәрі бірден бола салмайды. Кейде – жеңіліс. Кейде – жарақат. Әр жеңіліс сабырлыққа үйретеді. Ең қиыны аттың аяқтан қалып, бәйге жолын аяқтағаны, қаншама еңбек далаға кетеді.

– Еңбегіңнің ақталып, атыңның оза шауып келгені ерекше қуаныш сыйлайды, – деп бөлісті Аманғали Есенгелдіұлы. – Бастау тұлпарым алғашқы бәйгесінде оза шауып, бас жүлдені олжалады. Бұл естен

кетпес сәт! Бірақ, жеңістерде де ең бастысы: сәйгүлік пен шабандоздың амандығы. Үйінде Аманғалиды жақындары күтеді. Әйелі Назгүл СЭС-та жұмыс істейді. Ұлы Жалғас әкесінің ізін қуып, ол да – жүргізуші. Бос уақытында ат баптайды. Келіні Аружан бала күтіміне байланысты демалыста. Нұртас атты немересі бар. Бос уақыттарында өртүрлі іспен шұғылданады – таза ауаға шығып, серуендейді, демалыс орындарына барады.

– Жақындарым менің әуестігімді қолдайды, – дейді кейіпкеріміз. – Отбасымызбен жылқыны жақсы көреміз. Аманғали Есенгелдіұлының арманы бар. Өте ауқымды десе де болады: Дүниежүзілік көшпенділер ойынында жеңіске жету. Бұл ұлттық спорт түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дода. Балалық шағындағы қызығушылығы осындай ірі мақсатқа жетелеп келді. Ең бастысы – өмірде кездейсоқ шешімдер болмайды деп есептейді Аманғали Темешбаев. Барлығы – еңбек, төзімділік және уақытпен келеді. – Жылқылар мені темірдей төзімділікке, сабырлыққа үйретті. Атқа мінген адам алысқа қарап үйренеді және де рухы оянады, – дейді ол сеніммен. – Ал дұрыс жолды таңдай алсаң, міндетті түрде нәтижесін көресің. Және де, оның тура жолдан тайқымай, тізгінді мықтап ұстап келе жатқаны айдан анық. – Аллаға шүкір, бауырым бүтін! Анам аман-есен тілеуімізді тілеп, ортамызда қызығушымызды қызықтап жүр. Бір сөзбен айтқанда – бақытты жанмын.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Дін

Бейбітшілік пен келісім жолындағы Қазақстан



Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде бейбітшілік пен келісімді басты құндылықтарының бірі етіп ұстанып келеді. Тәуелсіздік алған сәттен бастап еліміз тұрақтылықты сақтауға, ұлтаралық татулықты нығайтуға және әлемдік деңгейде бейбіт бастамаларды қолдауға ерекше көңіл бөлді.

Елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Осы бірлікті сақтау мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл ұйым түрлі этностар арасындағы достықты нығайтып, мәдениеттердің дамуына жағдай жасап келеді.

Елдің ішкі саясатында түрлі этностар мен мәдениеттердің үйлесімді өмір сүруі маңызды рөл атқарады. Бұл ұйым еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің нақты көрінісіне айналды.

Қазақстан халықаралық аренада да бейбітшілікті қолдаушы ел ретінде танымал. Еліміз ядролық қарудан бас тартып, Семей ядролық полигонының жабылуы арқылы әлемге үлкен үлгі көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан түрлі халықаралық келіссөздер мен бітімгерлік бастамаларға белсенді қатысып келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында да Қазақстан бейбіт бастамаларды қолдап, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Бұл – еліміздің жаһан-

дық тұрақтылыққа қосқан маңызды үлесі.

Елордада өткізілетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – дінаралық диалог пен өзара түсіністікті нығайтудың маңызды алаңы. Бұл форум әлемнің түкпір-түкпірінен келген діни көшбасшыларды біріктіріп, бейбітшілік идеясын дәріптейді.

Қоғамдағы келісім мен тұрақтылық – ел дамуының басты кепілі. Қазақстан халқы бірлік пен татулықты сақтай отырып, жарқын болашаққа ұмтылуда. Бейбітшілік пен келісім – бұл тек ұран емес, ол – әр азаматтың күнделікті өмірдегі ұстанымы.

Қазақстан бейбітшілік пен келісім жолында нық қадам басып келе жатқан мемлекет. Бұл бағыттағы жетістіктер еліміздің әлемдік қауымдастықтағы беделін арттырып, болашақ ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Баян САМАЕВА,
№ 3 ЖББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қоғам



Жас мемлекеттік қызметші: мінезден басталатын миссия

Мемлекеттік қызмет – мәртебе емес, міндет. Ол мансаптың баспалдағы ғана емес, мінездің биігі. Қоғам кейде жүйені ғимаратпен, құрылыммен өлшейді. Бірақ, мемлекет – механизм емес, мінез. Ал мінез – жеке тұлғаның ішкі тәртібі мен ішкі тазалығынан басталады.

Бүгінгі жас мемлекеттік қызметші – жай ғана жаңа кадр емес, жаңарудың жүрегі. Жас буын – өзгерістің жалауы емес, жауапкершіліктің жүгін арқалаушы буын. Жауапкершілік – жүктеме емес, жігердің жаны. Ол лауазыммен келмейді, ол таңдаумен келеді. Күн сайын әділдікті таңдау – үлкен ұстаным. Күн сайын тазалықты таңдау нағыз табандылық. Таңдау – тұлғаны қалыптастырады. Мемлекеттік қызмет табалдырығын аттаған жас маман ең алдымен өз тағдырын емес, талай тағдырға әсер ететін шешімдер алаңына қадам басады. Сондықтан, тазалық – тек жеке қасиет емес, тұтас жүйенің тұғыры.

Адалдық – ардың айнасы. Ар – аппараттан жоғары тұратын ұстаным. Адал шешім аз сөзден, анық ұстанымнан туады. Мемлекеттік қызметте ар-ұят – абстракция емес, әр құжаттың, әр қолтаңбаның артындағы жауап. Себебі, билік – ардың сынағы. Бұл ойды әлемдік тәжірибе де дәлелдейді.

Ұлт зиялылары да осы ұстанымды айқын көрсетті. Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деген еді. Ахмет Байтұрсынұлы халыққа қызметтің негізі білімде ғана емес, жауапты рухта екенін ескертті. Демек,

кәсібилік – қабілеттен, ал елдік – мінезден.

Жүйе жай сөзбен жаңармайды. Жаңғыру жарлықпен емес, жеке жауапкершілікпен басталады. Егер әр жас қызметші өз орнында әділ болса – әділет ұғымы институтқа айналады. Егер сенім салмақпен өлшенсе – мемлекетке деген құрмет күшейеді.

Сондықтан, бүгінгі жас буынға қойылар талап айқын: талапты болу, таза болу, табанды болу. Жауапты болу, жігерлі болу, жаңашыл болу. Адал болу, арлы болу, азамат болу.

Мемлекеттік қызметтің болашағы бағдарламаларда емес, буында. Ал сол буынның болмысы – мінезінде. Минуттық мүддеден биік тұрған миссия ғана мемлекетті мықты етеді. Жас мемлекеттік қызметші өз тағдырын таңдаумен қатар, тұтас қоғамның траекториясына ықпал ететінін сезінгенде ғана нағыз елдік басталады.

Ерлан ЕРМАХАНБЕТОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Ұлытау облысы бойынша департамент
басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Оқырман назарына!

Мамандықты дұрыс таңдау – болашақ жетістігі

Қазақстан Республикасы ТЖМ Көкшетау техникалық институтына күндізгі оқыту түрі бойынша орта білімі бар, 16 жасқа толған, денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен өткізілген ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) қорытындылары сертификаттарының балдарына сәйкес жүргізіледі.

ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімі:
1. Математикалық сауаттылық,
2. Оқу сауаттылығы,
3. Қазақстан тарихы.
Бейінді пәндер:
4. Математика.
5. Физика.

Білім беру бағдарламалары
6В12302 - Өрт қауіпсіздігі.
6В12303 - Төтенше жағдайлардан қорғау.
6В12303 - Өрт сөндіру және апаттан құтқару ісі.

Азаматтарды күндізгі оқу түрі бойынша оқуға қабылдау 4 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қабылдау комиссиясы талапкерлердің жеке істерімен танысып, содан кейін ҰБТ және КТ нәтижесі бойынша іріктеу жүргізіледі.

Екінші кезеңде медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша оқуға түсуге денсаулығының жарамдылығын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Үшінші кезеңде талапкерлерді бекітілген Нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсырады. Бағанада тартылу, 100 м жүгіру, 3000 м жүгіру.

Төртінші кезеңде қабылдау комиссиясы курсанттар қатарына қабылдайды.

Институтқа оқуға қабылдау медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындыларын ескере отырып, ұлттық бірыңғай және кешенді тестілеу қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі.

Курсанттар қатарына қабылдау конкурсын өткізу кезінде басым құқыққа мыналар ие:
- «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар;
- дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар тұлғалар;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі) дипломдарымен марапатталған жеңімпаздары;
- республикалық және халықаралық спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі) дипломдарымен марапатталған) соңғы үш жылғы жеңімпаздары;
- ҰБТ немесе КТ сертификаттары балдарының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқуға қабылдауға басым құқыққа ие;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан қалған балалар;
- үздік білімі туралы құжаттары (аттестаттары, куәліктері, дипломдары) бар тұлғалар. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болған немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары оқуға түсетін талаптар бойынша белгіленген шектеу балын алған жағдайда институтқа сайыстан тыс қабылданады.

Институтқа түсуге ынта білдірген тұлғалар, Қаражал қаласы, Кеншілер көшесі, 20 үй, тұрғылықты мекенжайы бойынша Төтенше жағдайлар бөліміне өтініш (ерікті түрде) бере алады.

Ануар ЕРҒАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖБ аға анықтаушысы.

Здоровье нации

Страховка – за счет государства

ОСМС: социально уязвимые граждане теперь под надежной защитой



Президент РК Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана обозначил новые направления модернизации здравоохранения и повышения доступности медицинской помощи. Одним из ключевых приоритетов стало подключение социально уязвимых граждан к системе обязательного социального медицинского страхования.

Новый механизм для социально уязвимых

С января 2026 года в рамках этой задачи введен специальный механизм страхования граждан с низким уровнем дохода. Теперь лица, относящиеся к категориям D и E (социально уязвимые безработные), автоматически получают статус застрахованного, а их взносы оплачиваются из местного бюджета.

Как это работает

Система функционирует благодаря совместной работе Министерства труда и социальной защиты населения, Фонда социального медицинского страхования и местных исполнительных органов.

Министерство труда ежемесячно передает списки граждан категорий D и E в Фонд. На их основе каждому присваивается статус «застрахованный». Это позволяет получать медицинскую помощь без ограничений, а расходы на услуги сначала оплачивает Фонд, затем средства возмещаются местными органами.

Ситуация в области Ұлытау

По состоянию на 25 февраля 2026 года в области Ұлытау в системе ОСМС застраховано 5 502 граждан:

- D категория – 4 194 человека;
- E категория – 1 308 человек.

Эти граждане обычно имеют низкий доход, получают государственные выплаты, не имеют постоянной работы, жилья или транспорта, часто сталкиваются с высокой кредитной нагрузкой и проблемами со здо-

ровьем. Большинство проживает в сельской местности.

Медицинская помощь уже оказана

В январе 2026 года за медицинской помощью обратились 47 жителей области:

- 33 человека – D категория;
- 14 человек – E категория.

По результатам оказанных услуг сформирован реестр, и местным органам выставлен счет на 501 548 тенге.

Размер взноса и как он рассчитывается

Размер взноса в ОСМС зависит от средней зарплаты по региону и рассчитывается на основе статистики за период, предшествующий двум годам текущего финансового года.

Например, в 2024 году средняя зарплата по области Ұлытау составила 533 562 тенге, а взнос – 2%, то есть 10 671 тенге.

Зачем это нужно

Новый механизм обеспечивает доступность медицинской помощи для социально уязвимых граждан, укрепляет социальную справедливость в системе здравоохранения и гарантирует качественные услуги для тех, кто в них особенно нуждается.

Диана ОРАЗАЛИНА,
руководитель отдела по информированию населения и рассмотрению обращений филиала по области Ұлытау НАО «ФСМС».

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Құрметті тұтынушылар! «Қаражал қаласы әкімдігінің Қалалық коммуналдық шаруашылығы» ШЖҚ КМК сіздерге, 2026 жылдың 1 наурызынан 29 наурызына дейінгі кезеңге жылу төлемдері берілгенін хабарлайды. Жылыту маусымы 2026 жылдың 1 сәуірінде аяқталғандықтан, наурыз айындағы екі күн (2026 жылдың 30 наурызы және 31 наурызы) сәуір айында есептеледі.

Құрметпен,
«Қаражал қаласы әкімдігінің Қалалық коммуналдық Шаруашылығы» ШЖҚ КМК.

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

Уважаемые потребители! КГП на ПХВ «Городское коммунальное хозяйство» акимата города Каражал доводит до вашего сведения, что счета за отопление выставлены за период с 01.03.2026 г. по 29.03.2026 г. включительно. Учитывая, что отопительный сезон завершен 01.04.2026 г., счет за не вошедшие два дня марта (30.03.2026 г. и 31.03.2026 г.) будет выставлен в апреле текущего года.

С уважением,
администрация КГП на ПХВ «Городское коммунальное хозяйство» акимата города Каражал.

Тағзым

АҒАНЫ САҒЫНУ

Қаражал қаласының Құрметті азаматы, тыл және еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз Амангелді (Қодан) Жетімеқұлы Тлеубаевтың рухына арналады.

Сағындым Аға өзіңді,
Мейірім төккен көзіңді.
Сағындым, Аға, сағындым,
Жарқын-ау деген сөзіңді.



Сол мейірің ұрпақтан қайтқандай ма,
Жайды сезіп, жан аға, көрді көзің.

Бір жыл өтті, жан аға, сен өткелі,
Мұң бесігі тағдырдың тербеткелі.
Жетім қозы түңіліп отыққанмен,
Жүректерге сағыныш сен жетпедің.

Тегілуші еді, көзіңнен мейірім нұры,
Сезілуші еді, сөзіңнен сезім сыры.
Ауыр тиіп кетпесін деген дейін,
Астарменен жеткіздің әр сәт мұны.

Аңсап келіп өзіңе, шертуші ем сыр,
Бұл күндері өзің жоқ, бөлмең бос тұр.
Жетім жүрек ұлғайып қасіреті,
Қайтып жүрмін аңсаумен сол күнді мың.

Ұлағатың артқыға тарау-тарау,
Жағып кеттің бірліктің отын алау.
Ақтай елің алдыңнан шыққаны жоқ,
Онда дағы ізгілік, ізің бар-ау.

Тағдыр бізді байлапты бір тұғырға,
Деген дейін сүйеу боп сен жығылма.
Тірек болдың жан аға, өткеніңше,
Жетерліктей күш беріп бір ғұмырға.

Сексен тоғыз жасыңды жасап өттің,
Алғысына бөленіп алқа көптің.
Ұстаздыққа бағыштап бойда барды,
Ұрпақтардың жадына білім төктің.

Сеземін, бар жақыннан маған ауыр,
Сөз емес, іспен аға, болдың бауыр.
Сен салған сара жолмен өрмеледім,
Болмаса да өзгеден тұғырым тәуір.

Өсиетін әкенің арда тұттың,
Қасиетін исламның ерте ұқтың,
Сол ілімді сіңдіріп тал бойына,
Ауыл-аймақ, ұрпаққа дінді септің.

Ардың жолын әрдайым ардақтадың,
Шеңберінен әділдік аттатпадың.
Өзің салған сүрлеумен жүріп келеді,
Артыңа ерген дос, бауыр, ұрпақтарың.

Қалауымен Алланың қажы бардың,
Жүректегі кеселден бір тазардың.
Атқарып, бес парыздың бір парасын,
Амал қылдық Алласы, құп аларлық.

Қажымадың сол жолда шаршамадың,
Ағарса да басыңда қанша шашың.
Сол еңбектің өтеуі өтелгендей,
Ұрпақтарды көргенде марқаятын.

Аға-інілік ұғысқан сапар болды,
Тәңірі сәтті сыйлапты басар жолды.
Кейінгі ұрпақ еске алып, үлгі тұтар,
Қос көңіл мен қош пейіл қатар қонды.

Көре алмады кей пенде, күндеді де,
Үйлеспейтін пейілі мүлде сізге.
Жүрегінде мейірім, болса сәл-пәл,
Көрер деймін түсінде, күнде түнде.

Ұрпақтарға айтайық мың рахмет,
Ағамыздың аңсаған бір арманы ед.
Өсиеті ата-ана өтелгендей,
Арда жанға бұйырды ақ ақырет.

Тәңірі бізге сыйлапты тек өзіңді,
Жаратылған темірдей тым төзімді.
Көзі көрген ағайын растайды,
Қабыл алып айтылған бұл сөзімді.

Азаматтық борышты баптадың ба,
Абыздықтың ақ жолын ақтадың ба.
Халқың айтар арттағы ізің басқан,
Отырғызған құрметті таққа мына.

Сан тағдырды өткіздік ғазиз бастан,
Жетім қалып анадан бала жастан.
Көп болмайды дер едім сол күндерді,
Жыр тілмен егер де жазсам дастан.

Құрметтісі атандың Қаражалдың,
Ардақтысы аталдың Ата нардың.
Кемелдіктің келбетін көріп кеткен,
Ақтығына сенеміз сара жолдың.

Соның бәрін көтеріп жалғыз өзің,
Алып шықтың дариға жетіп төзім.
Дұшпанға да ол күнді тілемес ем,
Ауыр күндер өткерген көрген көзім.

Жыл өтті, алып жүрек тоқтағалы,
Ардағың, елі, әулеті жоқтағалы.
Өуелден Тәңірінен жазу солай,
Жоқ бірақ, уақыт-пырақ тоқтамағы.

Ардақтадың қарттарды, құрметтедің,
Жүрмесен де қарықты болып өзің.

Сағынышпен: **бауырың Жарқынбай ЖЕТІМЕК.**

Алатау абыз – асқар тау әкеміз, асыл аға, ақылгөй ата болған Амангелді (Қодан) Жетімеқұлы Тлеубаевтың жылдық асына арнайы бағышталған құран-қатымға барлық ағайын-туыс, құда-жеюкат, нағашы-жиен, ауылдастар, әкемізбен сыйлас болған барша жамағатты шақырамыз.

Ас 2026 жылдың 11 сәуірінде сағат 13.00-де Ақтай мешітінің асханасында беріледі.

Сағына еске алып, ас берушілер: **бауырлары, балалары.**

ТҰЛҒА

Қодан ағаның рухына

Айғыз-айғыз жалғанның жақпай кірін,
Ол да кетті өмірдің таппай құнын.
Құлагерден айрылған Ақанға ұқсап,
Көңілсіздеу көрінер Ақтай бүгін.

Кәрі кеуде, сыр-сандық секілді еді,
Үндемей-ақ үлгі боп отыратын.
Бойын бақты, ойымен алға кетті,
Таза киім киюді талғам етті.
Жар жоғалтып, төсегі суыса да,
Өдемі қартаюды арман етті.

Көрінуші ең көзіме аңыз болып,
Ақсақалы бар ауыл төрізденіп.
Қарияңнан айрылып қалдың ба екен,
Құрмет қылып жүргенде, абыз көріп.

Салмақты еді, сабырлы, кемел еді,
Тағдыр салған таңбасы терең еді.
Баласының бетін де өзі жауып,
Сын сағатта сынбаған емен еді.

Төрде отырса, төредей сесті келген,
Сексен тоғыз жасында көшті керуен.
Шалғы мұртты шалдардың шапанындай,
Естілердің бірі еді ескі көрген.

Өмір бірақ, өлшеулі адамзатқа,
Ешкім мәңгі қалмайды базар жақта.
Қосағының жанына көшіп кетті,
Қос дәуірді арқалап мазар жаққа.

Өкінетін күндер мен опынатын,
Қарай алсаң көзінен оқылатын.

Төлеген ЖАМАНОВ.

Ортақ құндылықтар мен мәдениет

Наурыз мейрамымен тұспа-тұс келген қасиетті Ораза айт қарсаңында қалалық Аналар кеңесі мен Ардагерлер кеңесі игі бастама көтеріп, ақ жаулықты әжелерімізбен бірге мазмұнды әрі тағылымы терең шара ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, салт-дәстүрімізді дәріптеуді мақсат еткен бұл тағылымды іс-шара қала өміріне ерекше рухани серпін берді.

Мәлдір ХАМИТҚЫЗЫ

Шара аясында ұйымдастырушылар қаладағы мемлекеттік мекемелерді аралап, қала басшылары мен қоғамның құрметті азаматтарын қос мерекемен құттықтады. Ізгі ниет пен ақ тілектерге толы бұл жүздесулер елдік бірлік пен ұрпақтар сабақтастығын айқындай түсті.

Мерекелік көңіл-күйді еселей түскен сәттердің бірі – домбыра мен баянның сүйемелдеуімен шырқалған қазақтың халық әндері болды. Күмбірлеген күй мен әуелеген ән тыңдаушыларға ерекше әсер сыйлап, ұлттық өнердің мәңгілік құндылық

Айттың ақ дәмі мен Наурыздың нұры тоғысқан күн



екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан жарапазан айту дәстүрі жаңғырып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй мен рухани ләззат сый-

лады.

Ақ жаулықты әжелеріміздің өнегелі қатысуы шараның мазмұнын байытып, мәнін тереңдетте түсті. Олардың әрбір қадамы

мен тағылымды сөздері кейінгі ұрпаққа үлгі болып, ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналған салт-дәстүрдің қадірін арттыра түсті.

Мерекенің көркін қыздырған тағы бір ерекшелік – ұлттық дастарқанның молшылығын танытқан ақ дәмдер болды. Әжелеріміз өз қолдарымен дайындаған шөлпек пен бауырсақты табақтарға салып, жиналған қауымға ұсынды. Айттың ақ дәмінен ауыз тиген көпшілік мерекенің шынайы рухын сезініп, бір-біріне ақжарма тілектерін арнады.

Бұл тағылымды шара – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің жарқын үлгісі болды. Қос мерекенің тоғысуы арқылы ұйымдастырылған бұл игі бастама қала тұрғындарының жүрегіне жылулық ұялатты. Осындай рухани бай, тәрбиелік мәні зор шаралар ұлт ұстанымын нығайтып, ел бірлігін бекемдей түсетіні сөзсіз.

Имандылық иірімдері

Өткен ай – мейірім мен рақымның айы болды. Бұл кезең — қайырымдылық жасап, қолдауды қажет ететін жандарға қарайласудың ең қастерлі мүмкіндігі. Осындай игілікті ниетпен «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Кәсіподақ ұйымы жанынан құрылған, өндірісте еңбек етіп жүрген жас пен кәріні біріктірген «Өндіріс волонтерлері» тағы да елдің алғысына бөленерлік іс атқарды. Олар өткен Рамазан айында «Рамазан қоржыны» атты дәстүрлі қайырымдылық шарасын өткізіп, тура Айт мейрамы күні кенттегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған 20-дан астам отбасыға азық-түлік толы қоржын үлестірді.

Волонтерлер әр үйдің табалдырығын аттағанда, оларды қуаныштан толқыған көздер, үмітпен күткен жүздер қарсы алды. Азық-түліктің ең қажетті түрлері салынған қоржындар тек материалдық көмек болумен шектелмей, жақсылыққа деген сенім мен жүрек жылуын сыйлады. Әсіресе, жалғызбасты қарттар мен көпбалалы аналардың ризашылығы волонтерлердің бойына ерекше күш-қуат беріп, олардың атқарып жүрген жұмысының қаншалықты маңызды екенін тағы бір дәлелдеді.

Өндіріс волонтерлері - қалыпты күндерде үнемі жиналып, түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып жүретін ұйым. Олар біреудің мұңын бөлісуді, қиындыққа тап болған жанға демеу болуды азаматтық парызы деп біледі. Әр отбасыға барған сайын олар тек қоржын тапсырып қана қоймай, отбасы жағдайын тыңдап, қандай көмек қажет екенін, қандай мәселелер алаңдатып жүргенін сұрап, ықыласпен әңгімелесіп қайтады.

Айт мерекесінде көрсетілген қамқорлықтың мәні тіпті ерекше болды. Бұл жолғы

Жүрек жылуын сыйлады



қайырымдылық шарасына кент тұрғындары да жан-жақты қолдау көрсетіп, жыл сайын дәстүрге айналған бұл игі істің ауқымын кеңейтуге атсалысты. Кәсіподақ ұйымы шараны ұйымдастыруда белсенділік танытып, ал волонтерлер болса әрбір қоржынды дайындаудан бастап, оны жеткізіп беруге дейін зор жауапкершілікпен қарады.

Қайырымдылық – адамның жүрегін тазартатын, қоғамды біріктіретін ұлы құндылық деген түсінік бұл шара барысында анық сезілді. Үй аралап жүрген волонтерлер бір сәтке де шаршамады, өйткені, әрбір отбасының шынайы алғысы, риза көңілі олардың еңбегіне деген үлкен марапат болды. Бірі «осындай күнде ескеріп, көңіл бөлгендеріңізге рақмет» десе, енді бірі «сауапты ісіңіз еселеп қайтсын» деп батасын беріп жатты.

Рамазан айы — тек ораза ұстайтын кезең ғана емес, ең алдымен жүректер жұмсаратын, адамдар бір-біріне жақындайтын уақыт. Өндіріс волонтерлері дәл осы бірлік

пен мейірімділіктің жарқын үлгісін көрсетті. Олар үшін қайырымдылық бір айлық міндет емес, жыл бойына жалғасатын жүректен туатын игі амалы.

Айт мейрамында таратылған Рамазан қоржындары — материалдық көмектен бөлек, үлкен рухани қолдау. Бұл — «Жәйрем комбинаты» жұмыскерлерінің қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті, адамдарға деген жанашырлықты жоғары қойып отырғанының бұлтартпас дәлелі.

Осылайша, Рамазан айы кентте мейірімге толы жақсы жаңалықпен қорытындыланды. Ал «Өндіріс волонтерлері» болса алдағы уақытта да мұқтаж жандарға көмек көрсетуді жалғастырып, ел ішіндегі жақсылықтың көп болуына өз үлестерін қоса бермек.

Gaynar НАУРЫЗБАЕВА.



Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 12

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.